

● ЖАЗУШЫ ҚАЛИҚАН ЫСҚАҚТЫҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ

ҚАЛАМГЕР ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

«АЛАТАУДА ЖҮРСЕМ ДЕ, АЛТАЙЫМДЫ САҒЫНЫП ОТЫРЫП ЖАЗАМЫН» ДЕЙТІН

Қаратай елінің Шоңмұрын руынан, оның ішінде Жарылғас, Тоқарыс, Тілеп, Байбөбектің кіші баласы Рақыштың кенжесі Ысқақтан тараған кенже бала Қалихан менің нағашым болады. Ысқақ пен бәйбішесі Күләштан Нұрзағила, Қырмызы, Зағи атты үш қыздан соң, ұзақ күткен сүт кенжесі Қалихан 1935 жылы дүниеге келіпті. Кіндігін кескен жері – аталарының мекені Топқайың ауылының маңындағы Маятекшенің астындағы қыстау. Сол кездегі аласүргін атамыз Ысқақты да шарпып, бар мал-мүлкі тәркіленіп, өз еркімен Совет үкіметіне тапсырып, итжеккеннен аман қалып, «Алла маған осы ұлды бергеніне ризамын» деп отырады екен. Бірақ ол кісінің ғұмыры қысқа болыпты. Небәрі 40 жыл тірлік кешіпті. Анасы Күләш төрт баламен жесірліктің ащы дәмін татып, туған-туыстың көмегімен балаларына жетімдікті білдіртпей өсірген екен. Менің шешем Нұрзағила Ысқаққызы әкем Айтқұлға тұрмысқа шығады. Айтқұл сол кезде мұғалімдік қызметте екен. 1942 жылы соғысқа аттанып, майданда мерт болады. Сөйтіп, менің анамның да өмірі жесірлікпен өтеді.

Екінші апайы Қырмызы сол кезде тұрмысқа шығып, Семейде тұрған екен, күйеуі комсомолдың бірінші хатшысы болыпты. Бірақ көп ұзамай оны да халық жауы деп итжек-